

Ақсу қаласының селолық округтері аумағында орынға барып сауда жасайтын орындарды белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 2014 жылғы 14 шілдедегі № 544/4 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 08 тамызда № 3906 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 2015 жылғы 10 маусымдағы N 444/6 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 10.06.2015 N 444/6 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңының 27-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 сәуірдегі "Ішкі сауда ережесін бекіту туралы" № 371 қаулысына сәйкес Ақсу қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес, сауда қызметінің субъектілерімен Ақсу қаласы селолық округтерінің аумағында орынға барып сауда жасау үшін орындар белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің экономика мәселелерін қадағалайтын орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Қ. Нүкенов

Ақсу қаласы әкімдігінің
2014 жылғы 14 шілдедегі
№ 544/4 қаулысына
қосымша

Сауда қызметінің субъектілерімен Ақсу қаласының селолық округтері аумағында орынға барып сауда жасайтын орындардың тізбесі

№ р /н	Селолық округтің атауы	Орналасқан жері
1	2	3
		Алғабас ауылы, Коммунистическая көшесіндегі алаңда; Жолқұдық ауылы, Ленинский-Русская поляна трассасының бойындағы алаңда ("

1.	Алғабас селолық округі	Қасенов" ЖК дүкеніне карама-қарсы); Ребровка ауылында, Қазанғап би көшесіндегі алаңда (бастауыш мектепке қ а р а м а - қ а р с ы) ; Айнакөл ауылы, Центральная кө-шесіндегі алаңда ("Алғабас селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі әкімшілік ғимаратына карама-қарсы); Көктас ауылы, Достық көшесіндегі алаңда (бастауыш мектепке карама-қарсы); Қарабай ауылында, Жағалау көшесіндегі алаңда.
2.	Достық селолық округі	Достық ауылы, 1 Линия көшесіндегі алаңда ("Достық" орта мектебіне карама-қарсы); Парамоновка ауылы Молодежная көшесіндегі алаңда; Пограничник ауылы Белорусская көшесіндегі алаңда.
3.	Евгеньевка селолық округі	Евгеньевка ауылы Гагарин көшесіндегі алаңда; Үштерек ауылы Ленин көшесіндегі алаңда; Сольветка ауылы Ленин көшесіндегі алаңда.
4.	Қалқаман селолық округі	Қалқаман ауылы Ленин көшесіндегі алаңда; Ақжол ауылы Школьная көшесіндегі алаңда;
5.	Қызылжар селолық округі	Қызылжар ауылы, Гагарин көшесіндегі алаңда (Мәдениет үйіне карама-қарсы); Сарышығанақ ауылында Центральная көшесіндегі алаңда (Мәдениет үйіне карама-қарсы).
6.	Мәмәйт Омаров атындағы селолық округ	Мәмәйт Омаров атындағы ауылы, Ш. Арғынбаев көшесіндегі алаңда; Путь Ильича ауылы, Ленин көшесіндегі алаңда; Құркөл ауылы, Алтай көшесіндегі алаңда.